


# Егемен Қазақстан

## Рухани кемелдік

Ғылыми әдебиеттерде «сопы» сөзінің шығуына байланысты екі жарым мыңға жуық анықтама бар деген деректер келтіріледі. «Сопы» ұғымы Пайғамбарымыз дәуірінен бұрын болған, дегенмен оның ішкі мәнін толтырған Ислам болды дейді ғалымдар.



Сопылық ілімін зерттеуші ғалым, Мұхаммед Пайғамбардың ұрпағы Идрис Шах Пайғамбар

«сопылардың үнін естіп, «Әумин!» деген Алла алдында аңғырт болып есептеледі» деген сөзін келтіреді. Бірқатар зерттеушілер сопылар Ислам ілімінің сыртқы «қабағы» ғана, ал мазмұны барлық діндерге, адамзатқа ортақ, Тауратқа, Інжілге бөтен емес деген де ойлар айтылады. Бірақ оның Ислам дінінің шын мағынасында рухани мәні болатындығына талас жоқ деп түйеді мұсылман ғалымдары. Сопылар – нағыз тақуалық өмір салтын ұстанып, рухани кәмілдікке ұмтылушылар. «Өзін өзі мейлінше шектеп, фәни қызығын, пенделік тіршілік қамын, жеке бас еркін тәрк етіп, бір ғана Аллаға жетуді мақсат етушілер» дейді «Ислам энциклопедиялық анықтамасы». Сопылар өздерін бауырластар, достар деп санап, табиғи қабілеттері ойлау мәдениеті мен дағдыларына қарай бір-бірін тез таниды, белгілі ұстаздар төңірегінде топталып машықтанған. Олар өркениетке VIII ғ. мен XVIII ғ. аралығында зор ықпал еткен. Сопылықты зерттеуші ғалым Е.Э.Бертельс сопы деген кім деген сұраққа «Сопының жүрегінде түйткіл жоқ. Ол көсіліп сөйлейді, бірақ, сөз жоқ, ол бәрін көреді, бірақ көргені жоқ, ол тамақ ішеді, бірақ оның дәмін білмейді, онда беймазалық та, қанағаттық та, қайғы да, қуаныш та жоқ» деп жауап береді.

Сопылар дүниеқоңыздық, мақтаншақтық, дарақылық, дәстүрге бірбеткей табынудан, болмаса біреулерді асыра қастерлеуден аулақ. Олар діни дәстүрлерді ақылға жеңдіріп, қоғамның әлеуметтік үйлесімі, бірлігі тұрғысынан құрметтейді, періштелерді ізгілікті қасиеттері ашылған адамдар деп есептейді. Низами жазғандай «ақынның көмекейінде асыл қазынаның кілті жасырынған».

Сопылық ағымның қолдаушысы, ұстаздарының бірі Қожанасыр молланың ұсынған рухани жетілу жолдары бүгін де құнды. Зерттеуші Идрис Шах та сопылыққа арналған еңбегінде Қожанасырға әдейі назар аударады. Оның ойынша, Қожанасыр ойдан шығарған дәруіш, кейіпкер. Ол туралы әңгімелер Орталық Шығыста көп тараған. Егер үстіртін қарасақ, ол дәруіштер шайханаларында, керуен сарайларда, отбасыларында, бүгін радио мен теледидарда айтылатын әзіл-қалжыңның, әңгімелердің кейіпкері ғана. Дегенмен, оның астарлы, терең ойға жетелейтін әңгімелеріне ғалымдар зор мән берген. Оның өткір әзіл-қалжыңы әлемнің көптеген елдерінде тарап, өзінің өміршеңдігін дәлелдеді, себебі оны мойындамауға, келіспеуге болмайды да. Мұсылман елдерін айтпағанда, бір-біріне жақын емес, әртүрлі дүниетанымдағы христиан қауымы мен коммунистер Қожанасырды мойындаған, ал Кеңес үкіметі оның басынан кешірген уақиғаларына фильм де арнады. Тіпті гректер Қожанасыр әзілдерін өз мәдени мұрасының бөлігі деп есептейді екен.

Оның өмір сүрген жылдары туралы әртүрлі мәліметтер жазылуда. Қожанасырдың бұл өмірде басымен төмен қарай жүремін деген сөзіне сүйеніп, оның құлпытасындағы 386 ж. деп қайтыс болған жылын 683 жыл деген деп кері оқу керек деушілер бар. Екінші бір профессор, араб ғалымы цифрлардың орнын ауыстырсақ 274 болады депті. Осылай сан түрлі болжаулар айтылуда. Шындығында, оның кім болғаны, қайда және қашан өмір сүргенін ешкім дәп басып айта алмас, бірақ бүгін оның ойлары маңызды.

Сопылар рухани кемелдікке жету үшін адам өз бойындағы кесірлерден арылып, жақсы қасиеттеріне дамытуға тиіс дейді. Ал ойлау жүйесі қатып қалған, таптаурын қағидалармен өмір сүретіндер бұрынғы қарапайым күйінде қала береді. Өзеннен адамдарды қайықпен тасып күн көрген Қожанасыр жел тұрып, су тасыған күні өзін зор, басқаны қор санайтын ғалымсымақты өзеннің екінші жағасына алып келе жатады, арасында оны әңгімеге де тартады, сөзінде әдейі грамматикалық қателіктер де жібереді. Бұл сопылардың әдісі. Сонда педант Қожанасырға «Сен ешуақытта грамматиканы оқымап па едің?» деп сұрайды. «Жоқ», дейді молла. «Онда сен жарты өмірінді босқа өткізген екенсің», дейді педант. Сәл кідірістен кейін Қожанасыр «Сіз суға жүзіп үйреніп пе едіңіз?» деп сұрайды. «Жоқ. Неге сұрадың?» дегенде: «Онда сен қазір бүкіл өміріңмен қоштасасың, қайық суға батып барады», деп байсалдылықпен жауап беріпті Қожанасыр. Бұл жерде өз білетінін ғана бұлдайтын, ақиқат деп есептейтін, өмірге икемсіз, заманға бейімделе алмайтындар сыналып отыр.

Бұл ой келесі бір пікірталаста жалғасады. Айтыс дәруіштердің кездесетін шайханасында болса керек. Монах шайханаға кіріп келіп: «Менің ұстазым адамдарға мынаны хабарлауға бұйырды. «Өз басынан әділетсіздікті кешірмеген адам оны өз басынан кешірген адамдай қабылдап, оған көнбесе, адамзат кемеліне келеді». Бұл сөздер лезде жиналғандарды таңғалдырады. Сонда Қожанасыр былай дейді: «Менің ұстазым айтып отырған әділетсіздік шынында да әділетсіздік пе, әлде ол жасырын игілік пе? Көз жеткізбей ешкімді де, ештеңені де жоққа шығармау керек». Қожанасыр әркез қарапайым, тіпті ештеңеден бейхабар адам кейпінде өз ойын осылай ортаға салып отырған, ал ойларының астары терең.

Ақиқат күрделі, қарама-қайшылықтарға толы. Қадыр ақынның өлең жолдары ойға аралады:

«Бабамыз от басқан табанымен

Бірдей екен жақсысы жаманымен.

Бір жаманы-тынымсыз көше берген,

Бір жақсысы – қимаған даланы кең», деп кете беретін ұлтымыздың бойындағы қайшылықтардың таңғаларлықтай үйлесіп жатқандығы соның көрінісі. Еркін ойлау қатып қалған стандарттармен, шектеулермен үйлеспейді. Ақиқат белгілі бір уақытқа, ахуалға, нақты жағдайға байланысты, бірақ адамдар оны сезіне бермейді. Ақиқаттың шартты, салыстырмалы екенін, құбылыстардың артық-кемін байқап барып пайымдамайынша, қоғам жаңғыруы мүмкін емес.

Қожанасыр сарайға шақырылады. Патша оған өзінің қол астындағыларының жалған сөзге үйір екендігі туралы қынжылады. Сонда Қожанасыр: «Таксыр, ақиқат алуан түрлі. Адамдар оны тану үшін нақты шындықты меңгеріп барып, бірақ барлығын керісінше істеу керек. Нәтижесінде адамдар өздерінің ойдан шығарған ақиқаттарына ойланбастан сүйене береді, бірақ олардың жалған екенін де сезінеді», дейді. Патшаға әңгіме тым күрделі көрінеді. «Құбылыс, оқиға не шын, не жалған болуы керек, дейді патша. Мен адамдарды тек шындықты айтуға міндеттеймін, осылай адамдар ойларын тура айтуға үйренеді».

Ертеңгі күні қала қақпасының алдында дар ағашы жасақталып, жендеттер де дайын тұрады. Жаршы: «Қалаға кірген әрбір адам ең алдымен патша әскеріне әділ, шын жауап беруі тиіс деп» хабарлайды. Қожанасыр қалаға бірінші болып кіреді. Әскери адам: «Сен қайда барасың, шыныңды айт, болмаса асыласың» дейді. Қожанасыр: «Мен дарға асылғым келіп келе жатырмын», депті. «Мен саған сенбеймін десе», «Өте жақсы. Егер мен өтірік айтсам, онда мені дарға ас» дейді молла. «Онда сен шын айтқан болдың» дегенге, ол «Дәл солай, тек сендерше шын» депті. Бұл мысал ақиқаттың таза шын, не таза жалған түрінде бола бермейтінін, адамның «қуланып», басқа жол тауып, түрліше айла-тәсілге баратыны туралы. Ақиқат бұйрықпен де санаға сіңбейді. Небір тамаша идеялар көпірме сөзге айналатынын, небір сұрқия идеялардың жалған салафизм сияқты «жанашыл» болып көрінуге тырысатынын көріп те, біліп те жүрміз.

Идеологиялық тәрбие жұмысында қандай да құнды идея болмасын, адамдарды жалықтырып қайталана берсе, өзінің алғашқы құндылығынан айырылады. Осы мәселеге байланысты Қожанасырдың «Үйрек сорпасы» деген әңгімесі сабақ аларлық. Оған алыстан туысы сыйға үйрек әкеліпті. Қуанған Қожанасыр қонағымен бірге оны пісіріп жейді. Кейін оның үйіне адамдар үйрек әкелген туысының досымыз, досының досымыз деп келе береді. Бірақ ешқайсысы да сыйлық әкелмейді. Тағаты кетіп шаршап отырғанда тағы да бір бөтен адам келіп, «мен саған үйрек әкелген туысқаныңыздың досының досының досымын» деп, тамақ дәмәтіп отырып алады. Сонда Қожанасыр оның алдына бір аяқ ыссы су қойыпты. «Бұл не?» деп сұраған қонаққа: «Бұл менің туысқаным әкелген үйректің сорпасының сорпасының сорпасы», депті. Тағамның қазанда қайта-қайта қайнай берген сайын дәмді әсері кететіні сияқты, жаттанды сөздердің де қайталана беруі мәселенің мәнін жояды, қоғамды зеріктіріп мезі қылады. Рухы биік, озық ойлы адам ерекше қабілетімен басқалар сезбегенді сезіп, адамдар ақылының жетілмегенінің себептерін де біліп отырады, жетілдіру жолдарын іздейді. Қожанасыр қайыршы бейнесінде бір байдың есігін қағады. Үй

иесі терезеден кім келгенін көреді де, қызметшісіне «Мені үйде жоқ де», деп жауап бер» дейді. Бірақ оны үйде екенін терезеден байқап қалған Қожанасыр айқайлап: «Өте жақсы. Ол маған ешқандай көмек жасамаса да, мен оған бір кеңес берейін. Сен оған айт: «Келесіде үйден кеткенде, терезеде өз бетін қалдырмасын, біреулер ұрлап алар», депті.

Шыншыл Қожанасыр өткір әзілмен рухы жоқ, намыссыз, екіжүзді пенделерді сынап отыр. «Мен депутат емес кезімде көп ойымды ашық айтушы едім, депутат болған соң аузым буулы, көп пікірім ішімде өліп жатыр» деген бір депутат. Осылай азаматтық бетпердесі тұмшаланыпты, Қожанасыр айтқандай «бетін ұрлап алыпты». Біздің заман рухы төмен, табан тірейтін ұстанымы жоқ адамдарды мансап билейтін заман ба? Жоқ, ұлттық рухтың өзегі, арқауы елді түгел аздыруға қай заманда да жібермеген. Дегенмен, олардың көбеюі үлкен қауіп туғызады.

Рух төмендігінің себебін Қожанасырға байланысты тағы да бір мысалдан көреміз. Адамдар кейде рухани жетілуге жол іздеп жүріп, білмей, жалған беделге табынады, әртүрлі теориялық ағымдардың жетегінде кетеді. Сөйте тұра өздерін шындық пен жалғанды айыра алатын қабілеттіміз деп, өз жалған тандауына сенімді жүреді. Көршісі Қожанасырдың тізерлеп отырып, бірденені іздегенін көреді. «Не жоғалттыңыз? десе, Қожанасыр «кілтімді жоғалттым» депті. Бір сәттен кейін «кілтіңізді қай жерде жоғалттыңыз», деген көршінің сұрағына: «Үйде» депті. «Онда оны мына жерде неге іздейсіз?» десе, «себебі осы жер жарықтау сияқты», деген екен. Бұл астарлы әңгіме: кілт – рухани құрал. Сопылар кейбір адамдардың рухани азықты ең алдымен өз атамекенінен, дәстүрінен, мұрасынан іздемей, сырттан іздеп адасатынына меңзеп отырған. Шөлін мөлдір бұлақтан қандырмай, лай су ішетін жастар біздің заманда да баршылық. Әртүрлі діни ағымдар тараған ортада дінге қызығушылық танытқан жастар бір ағымды тандаудың алдында тұрады. Таңдауға көптеген факторлар әсер етеді. Ол әлеуметтік ортаға, әртүрлі мұсылмандармен араласуына, имандардың беделіне, интернеттегі ақпаратқа байланысты. Сонымен бірге олардың тәрбиесінің, білім деңгейінің, отбасының, ата-аналарының, жұбайларының да орны бөлек. Айналып келгенде біраз жастар бөтеннің аруағына табынады.

Сопылар айтқандай, адамдар кейде даналықтың алтын кілті қолына рухани ізденіссіз келе салатындай көреді. Жалаладдин Руми рухани жетілу ізденіс, уақытпен келетіндігін айта келіп, адамдарды қыс мезгіліндегі ағашқа теңейді. Сырт көзге тоңып тұрғандай көрінгенмен, ағаш қыс бойы өз бойына құнарлы нәр, қорек жинайды да жазғытұрым бүршіктенеді. Адамдардың да өсіп жетілуі, парасат жолына түсуі ұзақ уақыттың жемісі.

Осы тұрғыдан Қожанасырдың алма туралы ойлары еріксіз назар аудартады. Шәкірттерімен сұхбаттасу барысында әлемнің тұтастығы, о дүние мен бұл дүниенің байланысы туралы әңгіме қозғалады. Қожанасыр, «оны түсіну үшін аллегорияны, тұспалдап ойлауды меңгерулерің керек» десе, бір шәкірті «Сіз маған нақты мысалмен, айталық, жұмақтың алмасы туралы баяндасаңыз» депті. Қожанасыр шәкіртіне алма берсе, ол «бұл алма жартылай шіріген, көктегі алма мінсіз болу керек емес пе» деген. «Көктегі алма жемісі шынында да мінсіз» – дейді Қожанасыр – бірақ сен де, мен де мына рухани шіріген, бүлінген дүниеде өмір сүргендіктен және қабілетіміздің шектілігінен де ешуақытта жұмақ жемісінің қандай екенін біле алмаспыз» депті. Күнделікті пенделік тіршіліктен жан тазалығына, ізгілікке, рухани жоғары дәрежеге жету жолдарын табу сопылық ілімнің негізі және ол алыс, ұзақ жол.

Жеке адамның да, қоғамның да санасының жаңаруы оның білімділігінің деңгейі мен адамдардың ғылыми сауаттылығына байланысты деген ой басым. Ол дұрыс та. Дегенмен, рухани кемелділік адамның тек интеллект деңгейіне қарап емес, ішкі дүниесіне, рухани қасиеттерімен өлшенеді. Жаппай қырып-жоятын қаруларды жасағандар жоғары интеллекті иелері еді.

Әдетте адамдар дағдыға айналған дайын үлгілерден, шаблонды ойлаудан аса алмайды, тіпті құлша еліктеуге үйренген, басқаша ойлай бермейді. Қожанасыр, мысалы, өмірде барлығы мызғымас себеп-салдар тізбегі арқылы алдын ала анықталып қойған дейтін көзқарасты жоққа шығарады. Ол мынадай мысалға жүгінеді. Тар көшеде келе жатқан Қожанасырға үйдің шатырынан бір адам құлайды. Бірақ құлаған адамға ешқандай зақым келмейті, ал молла емханадан бір-ақ шыққан. «Осы уақиғадан қандай қорытынды шығардыңыз?» деген шәкірттерінің сұрағына ол «Адам шарасыз, тағдырдың бұйырғаны ғана болады деген ойдан аулақ болыңыз. Себептің соңынан күткендей салдар келе бермейді. Шатырдан құлаған адамның мойны үзіледі деген теориялық мәселеден аулақ болыңыз. Адам шатырдан құлады, бірақ оның емес, менің мойным үзілді», депті. Дағдыға айналған үлгілермен ойлайтын адамдар сәтті өмір сүре де берер, бірақ айналасында болып жатқан көп жағдайларды сезбейді, демек ойы шектеулі, рухы төмен деген ой түйеді Қожанасыр. 30-жылдары елімізде қуғын-сүргін, жаза көп болды, бірақ ол қылмыстың салдары емес еді. Бүгін қылмыс жасаушылар көп болғанмен біз күткендей әділ жаза бола бермейді. Заңға сенім болмаған елде халықтың рухы төмен болатыны белгілі. Дәлелдеуді қажет етпейтін, ақиқат деп танылған қағидаларды әрдайым іс-әрекетке, басшылыққа алуға болмайтынын Қожанасыр тағы да бір сұхбатында дәлелдейді. Қытай данасы Қожанасырға «әр адам өзін де басқаларға қоятын талаптарға сәйкес ұстауы керек. Сенің жүрегің өзіне тілемегенді басқаға да тілемеуі тиіс» депті. Дәстүрлі діндерге де, Конфуцийге де тән ортақ бір қағида барлығы белгілі: «Өзіңе жасамағанды басқаға жасама» деген. Қожанасыр қытайлық ойшыға: «Бұл ескертуіңіз өзіне тілегенді басқаға тілемейтіндерді таңғалдырар. Тіршілікте адамның өзіне тілеуін досы түгіл тіпті дұшпанына тілемейтін жағдайлар болады. Өзіне тілегенімен бөтенге тілеуі үйлесе бермейді, бір адамның ойынан шыққан екінші адамның ойынан шыға бермейді» деп жауап беріпті. Адамдар арасында ақиқатты саралап, салыстырып барып қана танитын, заттар мен құбылыстардың бір-бірінен артық-кемін байқап барып таңдау жасайтындар аз да болса бар. Сондықтан, ақиқат – нақты, салыстырмалы. Тағдыр тәлкегіне түскен пенде өзіне өзі қол салуы мүмкін, бірақ басқаға оны тілемейді. Дағдыға сәйкес «жақсы адам» атану үшін әрдайым ережелерге сүйену әдепке жатпайды. Этикалық нормаларды әркезде қажетке жарайды, мыңға бір дауа деп қабылдау орынсыз. «Бұл Алла әмір еткендіктен дұрыс емес, Алла бұл дұрыс болғандықтан әмір етті» деген ойдың төңірегінде талай пікірталастар туады. Сопылық ілім таңдаған жолды негіздеу үшін бүгінгі діндегі буквалистердей Құран аяттары мен хадистерге ойсыз, сөзбе сөз, дәлме-дәл, бір әрпін бұлжытпай орындаудан гөрі, қасиетті кітаптардың байлауларына, рухани мәніне, ақылға сүйенген жөн. Сопылардың мәтелі бойынша «жалған ақша шын ақша болғандықтан ғана көрініп жүр» деген. Жалған мұсылмандық ұлттың сау рухани организміндегі зиянды ісік тәрізді.

Біз бүгін сопылық ілімінің бағасын бере алмай жүрген сияқтымыз. Әдебиетте кейде сопыларды шала сауатты, жөнді білім алмаған дүмше молдалармен теңейді. Шындығында, сопылар көбіне қалың көпшілікпен тығыз байланыста болып, зор беделге ие болған. Дәстүрлі діни догматтарды сақтаушылар оларды өздеріне бәсекелес санағаннан кемсітуге тырысқан. Ал сопылық мәдениет қазақ даласына терең тараған, оның бір көрінісі Қожанасыр молланың халық жадында сақталуы.

Амангелді АЙТАЛЫ

философия ғылымдарының докторы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің профессоры